



«БЕКІТЕМІН»

«Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ

Басқарма Төрағасы-Ректор м.а.

Т. Балықбаев

«03» 2021 жыл

«СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ БАЛАЛАР КӨЗІМЕН» ҮЗДІК БАЛАЛАР СУРЕТІ БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

Жалпы Ереже

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессор-оқытушылар құрамы мен құрылымдық бөлімше қызметкерлерінің балалары арасында ұйымдастырылатын сурет байқауы қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік саясатын қалыптастыруға, балалардың шығармашылық қабілетін дамытуға, сыбайлас жемқорлық қарсы тұру және тәуекелдердің алдын-алуға бағытталады.

Байқаудың мақсаты:

Өскелең ұрпақтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын қалыптастыру.

Байқаудың міндеттері:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық дағдысын дамыту;
- балалардың шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасау;
- дарынды балаларды қолдау.

Байқаудың қатысушыларына:

Байқауға Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессор-оқытушылар құрамы мен құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің 9-15 жас аралығындағы балалары қатыса алады. Шығармашылық жұмыстарды бағалау үш бағыт бойынша жүргізіледі.

- «Адал бол!» – 9-11 жасқа дейінгі балалар;
- «Әдептілік әлемі» – 11-13 жасқа дейінгі балалар;
- «Жемқорлықсыз болашақ!» – 13-15 жас аралығындағы балалар.

Байқау кезеңдері:

Байқауы екі кезеңде өткізіледі.

I кезең 29 наурыздан 16 сәуірге дейін @kazupu_zhastary Instagram парақшасында жұмыстар жариялау. Үміткер Instagram парақшасында байқау жұмысын жүктеп, өзі туралы сауалнама толтыруы қажет (1 қосымша). Қатысушы бір ағана жұмыс ұсына алады. Сонымен қатар, байқау жұмыстарын tarbie.departamenti@mail.ru электронды поштасына жолдауға болады. **Байланыс телефондары:** Алпамыс Турладжиев 87772615145, Меруерт Таджибай 870273237777.

II кезең 23 сәуір күні офлайн форматында үздік жұмыстар көрмесі ретінде өтеді. Көрмені ұйымдастыру комитеті жүргізеді. Екінші кезең қорытындысы бойынша байқау комиссиясы жеңімпаздарды анықтайды. (Достық, 13. Бас оқу ғимаратының 1 қабат фойесінде).

Байқау жұмыстарын рәсімдеу талаптары:

Шығармашылық жұмыстары (сурет) қатысушының өзінің орындауында жасалынуы қажет. Сурет кез-келген техникада (акварель, май, пастель, қарындаш және т.б.) А4 (210 мм x 290 мм) кем емес және А3 (420 мм x 580 мм) аспайтын форматтағы қағазда (холстта) түрлі-түсті нұсқада жасалуы керек.

Шығармашылық жұмыс конкурс талабына, атап айтқанда қоғамдағы сыбайлас жемқорлық проблемасына сәйкес келуі тиіс.

Байқау жұмыстарын бағалау:

Байқау жұмыстары келесі критерийлер бойынша бағаланады:

- Байқау тақырыбына сәйкестігі;
- орындау ерекшелігі;
- байқау жұмысының көрерменге эмоционалды және тәрбиелік әсер ету дәрежесі.

Байқау комиссиясы

Байқау комиссиясының құрамында «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ «Парасат» орталығы, Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департамент, Қызметкерлер Кәсіподағы ұйымының өкілдері мен Өнер, мәдениет және спорт институтының профессор-оқытушылар құрамы болады.

Байқау жеңімпаздарын марапаттау:

Әр байқау номинациясында жеңімпаздар үшін I, II, III жүлделі орындар, ақшалай және ынталандыру сыйлықтары қарастырылған. Байқаудың жүлде қоры: I орын – 50 000 теңге, II орын – 30 000 теңге, III орын – 20 000 теңге, Ынталандыру сыйлығы – 10 000 теңге.

Байқауды ұйымдастырушылар:

«Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ «Парасат» орталығы, Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департаменті, Қызметкерлер Кәсіподағы ұйымы.

Әдеп және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің профилактикасы жөніндегі әукіл



С. Нұрғисаев

Тәрбие жұмысы және әлеуметтік даму жөніндегі проректор м.а.



Ж.Е. Ішпекбаев

«Сыбайлас жемқорлық-балалар көзімен» үздік балалар суреті байқау қатысушыларының ӨТІНІШІ

Қатысушының аты-жөні:	
Туған жылы:	
Ата-анасының аты-жөні және университеттегі қызметі:	
Суреттің атауы:	